

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту, алмастыру және броньнан шығару тәртібімен) және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізу ережелері туралы" (мемлекеттік тіркеу N 1456 2001 жылғы 7 сәуір) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 26 ақпандағы N 10 Бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 25 сәуірдегі N 24 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 22 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1861. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2008 жылғы 22 шілдедегі N 128 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2008.07.22. N 128 Бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Мемлекеттік материалдық резерв туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :*

*1
2*

3. Осы бұйрыққа тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. ...

Министр

В. Божко

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
Министрінің
2008 жылғы 22 шілдедегі
N 128 бұйрығына*

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті төрағасының күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

2. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту, алмастыру және броньнан шығару тәртібімен) және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізу ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 26 ақпандағы N 10 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 25 сәуірдегі N 24 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2002 жылғы 22 мамырда N 1861 тіркелген).

3

4

5. ...

"Мемлекеттік материалдық резерв туралы" Z000106_ Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 6-тармақшасына және 2002 жылғы 21 ақпандағы N 237 P020237_ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен операция жасау ережелерінің 2-тармағы 3-тармақшасына сәйкес бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту, алмастыру және броньнан шығару тәртібімен) және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізу ережелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 26 ақпандағы N 10 V011456_ Бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту, алмастыру және броньнан шығару тәртібімен) және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізу ережелерінде:

4 - тармақта:

1)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Кепілдік жарна - өтінімдегі соманың 1 (бірден) кем емес 5 (бестен) артық емес проценті мөлшерінде белгілейтін, сатып алушы сатушы төлейтін, мемлекеттік резервке тауар жеткізудегі тендерге қатысу үшін және оның тауар жеткізу шартын жасасу жөніндегі міндеттемесін және оны тиісінше орындауын қамтамасыз етуші болып табылатын ақшалай жарна;"

3)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарымен операция жасау жоспары - мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жаңарту, алмастыру және броньнан шығару

мерзімдері бойынша жеткізу және шығару (бұдан әрі - Операция жасау жоспары) ; 12-тармақта: 6)-тармақша "кепілдік" сөзінің алдында "мемлекеттік резервке тауар жеткізудегі" сөздерімен толықтырылсын; сегізінші абзац "тауарға" сөзінің алдында "мемлекеттік резервке жеткізілетін" сөздерімен толықтырылсын; 15-тармақта: 4)-тармақша алынып тасталсын; 16-тармақта:

3)-тармақшадан "туралы" сөзінен кейін "және тендерге қатысушының салық төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындағаны туралы" сөздері алынып тасталсын ;

7)-тармақша "кепілдік" сөзінің алдында "мемлекеттік резервке тауар жеткізудегі" сөздерімен толықтырылсын;

Материалдық құндылықтарды (жаңарту, алмастыру және броньнан шығару тәртібімен) шығару және жеткізу жөніндегі тендерлерді әзірлеу жөнінде
н ұ с қ а у л ы қ т а :

3 - т а р м а қ т а :

1)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"кепілдік жарна - сатушы өтінімдегі соманың 1 (бірден) кем емес 5 (бес) процентінен артық емес мөлшерде белгілейтін, сатып алушы төлейтін, мемлекеттік резервке тауар жеткізудегі тендерге қатысу үшін және оның тауар жеткізу шартын жасасу жөніндегі міндеттемесін және оны тиісінше орындауын қамтамасыз етуші болып табылатын ақшалай жарна;"

3)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарымен операция жасау жоспары - мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жаңарту, алмастыру және броньнан шығару мерзімдері бойынша жеткізу және шығару (бұдан әрі - Операция жасау жоспары) ;

6 - т а р м а қ т а :

6)-тармақша "кепілдік" сөзінің алдында "мемлекеттік резервке тауар жеткізудегі" сөздерімен толықтырылсын;

сегізінші абзац "тауарға" сөзінің алдында "мемлекеттік резервке жеткізілетін" сөздерімен толықтырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

3)-тармақшада "туралы" сөзінен кейін "және тендерге қатысушының салық төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындағаны туралы" сөздері алынып тасталсын ; 7)-тармақшада "кепілдік" сөзінің алдында "мемлекеттік резервке тауар жеткізудегі" сөздері алынып тасталсын. 2. Заң басқармасы (Г.З. Дүсенбекова) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы Бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін. 3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен күшіне енеді. Төраға

Мамандар: Икебаева Ә.Ж. Шарипова М.Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК